# Эссе жазу

## Ұлттық салт-дәстүрлердің тағылымы

Салт-дәстүр қазақ халқының ерте кезден-ақ ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ мәдениетінің бір бөлігі. Қазақ халқы ерте кезден бері салт-дәстүрді берік ұстанады. Ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүр түрлері міне XXI ғасырға дейін жетті. Қазақ халқында салт-дәстүр түрлері өте көп. Және ол салт-дәстүр түрлерінің әрқайсысынан өзіндік мән мағынасы, жасалу жолы, ырымдары бар. Мысалға айтатын болсақ: Қыз ұзату, бесік той, сүндет той, қыз алып қашу, қыз айттыру, тілашар және тағы басқа..

Био11-026

Қыз ұзату өте әдемі, мән-мағынаға толы салт-дәстүр түрі. Қыз өзі өсіп өнген ата-мекенін, өз отбасын, үйін қиып, жат жерге келін болып түседі. Ата-анасынан, бауырларынан, достарынан алысқа кету қыз үшін өте қиын, ауыр болып табылады. Қыз ұзату рәсімінде әр жігіт жақ қызды ұзатып алады. Қыз сыңсу айтып отбасымен қоштасады. Қыздың ата-анасы қызына бала кезден бері берген тәрбиесін, өнегесін, ақыл-кеңесін қызы ұмытпайды деп сеніммен ұзатады. Сол қыз жиған-терген ақыл-кеңесін барған үйіне көрсету қажет. Аналарымыз барған жеріңде бақытты боламын деп емес, бақытты боламын деп бар деп [illegible] отырады. Әрине ата-ананың абыройын, бізге берген ақыл-кеңесін ұятқа қалдырмау үшін барымызды салу керекпіз. Қыз ұзатудың осындай ырымдары бар.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазіргі таңдағы салт-дәстүр мен бұрынғы кездегі салт-дәстүрдің ұқсастығы өте көп. Яғни, өзгермеген. Тек қазіргі заман талабына сай киіну стилі өзгерген. Киімдерінде ұқсас қазақи нақышта тек жаңартылған. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне Био11-026 ұлт өкілдері де қатты таңғалады. Киімдеріне, тағам түрлеріне, өнеріне қызығады. Қазақ халқының ерекшелігі де осында. Мақтанышпен айта алатын салт-дәстүрлері бар. Барлық салт-дәстүрлер ерекше, адамдар қазақ тарап, таңғалуда. Қазақстан 2050 стратегиясында - елбасымыз мәңгілік ел (тақ) құру жайлы айтты. Мәңгілік елді ұстау, берік қалып тұратың жағдайдың бірі осы салт-дәстүрді бұзбай, қаз-қалпында сақтау. Салт-дәстүр біздің қазақ халқының байлығы, қазынасы болып табылады. Салт-дәстүрді ұстанбасақ, ұмытсақ біздің еліміздің бір байлығымыздың жоғалғаны. Біздің мақтанатын мәдениетіміздің бір бөлігі салт-дәстүр. Егер біз салт-дәстүрді дұрыс ұстансақ, ұмытпасақ келер ұрпақ та салт-дәстүрді берік ұстанады. Біз нені жасасақ келер ұрпақта соны қайталайды. Сондықтан салт-дәстүрді ұстануы тиіспіз.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бейімбет Майлин „Шұғаның белгісі" повесінде көтерілген әйел теңсіздігі мәселесі.

„Шұғаның белгісі" повесі қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алар шығармалардың бірі әрі бірегейі. Бейімбет Майлин өз шығармасында сол бір ауыр замандағы әйел тарапына көрсетілген қиындықты, әділетсіздік пен теңсіздікті осы бір шығармада анық суреттеген. Шығарма оқыған адамға ой қалдыратын, сол кездегі қыз-келіншектердің нақты бейнесі іспеттес. Шығарма екі жолаушының әңгімесінен басталады. Олардың әңгімесі „Шұғаның белгісі" жайлы еді. Шұға-бай отбасынан шыққан қыз. [illegible] көркі сай, қылықты, сұлу қыз. Сол кездегі байлардың қарапайым халыққа деген көзқарасының кесірінен, ортадағы екі жастың қосыла алмай кетуін байқай аламыз. Екі жастың бірі – Шұға, екіншісі қарапайым отбасынан шыққан – Әбдірахман, оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу жігіт. Анда-санда ауылдарға ұстап қалатыны да бар. Шұға мен Әбдірахман бір-біріне ғашық болғаны сонша, ғашықтық хаттар жолдайтын. Бәрі жақсы басталған еді, алайда, Шұғаның әкесінің қарсылығы бәріне тосқауыл болды. Әкесі Шұғаны қарапайым кедейдің қолына бергісі келмеді. Міне, біз осы тұстан-ақ қыз баласының өзіндік таңдау даусы жоқтығын байқай аламыз. Ел ішінде Шұға мен Әбдірахманның махаббаты жайлы дау-өсек тез тарап кетті. Бұл Шұғаның әкесінің құлағына да жетті. Қызын кедейдің қолына бергісі келмеген бай, Әбдірахманды да арнайы күзет шақыртып, ауылдан көшіртіп жіберуге


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

дейін барды. Әбдірахманның кегі Шұғаны қатты қинайтты. Оның үстіне қос ғашық хатпен алдын бірін-бірі көрмей алмаған еді. Әбдірахманның кегі Шұғаға әсер етіп, Шұға ауыр халге душар болады. Ақтың емшісі, ата шулап бақсы шем балгерлер бұл аурудың неден екенін де, қалай емдейтіндерін де білмеді. Шұғаның ауруы да, емі де Әбдірахман еді. Әбдірахман ауылға келгенде-ақ Шұғаны көруге асықты. Бірақ қатал әкенің әмірінен аттап өте алмады. Шұғаның әкесі қызының ауыр халін көріп, Әбдірахманды алдыруға мәжбүр болады. Бірақ бәрі кеш еді. Шұға Әбдірахманға жазған соңғы хатында оны сағынғанын, онсыз бұл өмірді сүре алмайтындығын жазды. Шұға құса болып өмірден өтеді. Шығарма әйел теңсіздігінің нақты символы секілді. Қазақ әдебиетіндегі махаббат жайлы талай бір шығарма әйел теңсіздігінің кесірінен сәтсіз аяқталды. Шығарма сәтсіз аяқталғанымен біз тек бір жақты ой-пай алмаймыз. Мәселе, менің ойымша, тек Шұғаның әкесінде емес, сол заманда деп ойлаймын. Себебі, ол заманда қазақтарда, бай-бақуатты өмір сүру үшін оқу, білім аздау егер еді. Заманның қиыншылығына сәйкес, сонымен қатар стереотиптердің шектеулері, "кім не ойлайды?" деген сұрақ бұл жағдайда ойға бірінші кезекте келетіні сөзсіз. Неге десе әр өз қазағының жақсы жерге барғанын, тыныштықта өмір сүргенін қалайды емес пе? Осы факторлардыда ұмытпағанымыз жөн деп санаймын. Біз сол замандағы әйел теңсіздігін суреттеген „Шұғаның белгісі" повесімен қатар „Ақбілек", „Бақытсыз Жамал" романдарын қарастыра аламыз. Бұл аталған шығармалардың барлығы, әйел теңсіздігіне, әділетсіздікке, аса ауыр қиыншылықтарға қарамастан шайқалмаған, бой салмаған


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника



қыз-келіншектер табында.

„Шұғаның белгісі" повесі - Бейімбет Майлиннің аса көрнекті шығармасы. Қыз баланың нағыз бағалдыр бейнесі Шұғаның бейнесімен табылған. „Шұғаның белгісі" повесі - қазақ әдебиетінің тұңғыш биік шығармасы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ұлттық салт-дәстүрлердің тағылымы

Дүние жүзінде қанша ұлт болса, әрқайсысының өзіне тән тілі, діні, салт-дәстүрі, ділі, ұстанымы, болмысы, өзіндік менталитеті болады. Және әрқайсысының тарихы, ата-дәстүрі бір бөлек. Сол секілді қазақ халқының да тарихы тереңде. Жалпы қазақ этносы сонау көшпелі жұрттың дәуірінен бастау алады. Біздің бүгінгі күнге дейін жеткен салт-дәстүріміз, ата-ғұрпымыз қазақ даласын мекен еткен көшпелі тайпалар сақ, ғұн, қаңлы, үйсін жау-жүрек бабаларымыз өмір сүрген дәуірден басталып, келер ұрпаққа дәріптеліп келеді.

Әр бір заманда халықтың ұлттық санасын айқындайтын негізі – ұлттық салт-дәстүр. Оған рухани байлыққа қажет барлық дүниені жатқызуға болады. Ең алдымен адами құндылық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн-жоралғы, діни әрлс, ұлттық рәсімдер және тағы басқалары кіреді. «Тілін жоғалтқан ұлттың өзі де жойылады» дегендей өз ұлттық дәстүрінен жақұрым қалған адамның дүниеден өзі де жақұрым. Сол үшін біз де өзіміздің білгенімізді және оны әрдайым ұстанып, жоғары бағалауымыз қажет. Мәселен, қазақтың қонақжайлылығы ежелден келе жатқан қасиеті, үлкен ұстанымы.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Алыстан ат терлетіп келген қонақты қалтқысыз құшақ жая қарсы алып, төріне шығарып, бар жоғын ақжарқынан ең тәуірін, ең жақсысын кісі алдына қойып, қайтқанша аты-үстіне түседі. Кісі шығарып салғанда сарқыт салып, қоржын-қоржын сыйлық ене жөнелтетін. Бұл қазақтың қонақ-жайлылығының бір көрінісі ғана. Тіпті әлемнің біршама елдері біздерді осы қасиетіміз, ерекше болмысымыз арқылы жақсы таниды әрі қонақжайлылығымызды қадірлейді. Біздің тағы бір ұлттық құндылықтарымыз той-томалақ, рәсім, ұлттық ойындарымыздың көптігі. Шілде-хана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той қазақта ерекше мән беріп атап өтілетін тойлар. Бұл тұрғыдан сәбидің дүние есігін ашқанынан ес білгенге дейін орындап өтілетін, жас сәбидің ертеңгі өміріне, болашағына дұрыс ер-жетіп өсуіне үлкен ықпал етеді. Ал қыз ұзату, сырға салу, беташар, үйлену той бұл екі жастың арасында болатын тойлар. Мұның да өзіндік маңызы, құндылығы, мәні бар. Қазақтың қанына біткен атқа міну, көк дала да емін-еркін шабу, додаларда бақ сынау біздерге жат дүние емес. Алайда қазіргі уақытта осы ұлттық салт-дәстүрімізден сырт қалып, ұмытып бара жатқандығымызда жасырын сөз емес. Оның кемшілікті өзіміз де көріп, біліп жатырмыз. Бірақ та біз бұлай ұзаққа бара алмайтынымызды ұмытпауымыз қажет. Өйткені ата-дәстүрінен безген халық, тарихтан да


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

мәңгі ге жойылады. «Бірдің кесірі мыңға» дегендей ұлттың санадан шығарылған бір жан барша халыққа кесірін тигізеді. Ол айтпаса да тағы да тәубе. Басқандай

Қорыта келе, ұлттың салт-дәстүр – ұлттың мәңгі сақтаушы ұлы күш. Оны ешкім тартып кетпесе ұрлап ала алмайды. Олай деген тілімізді, ділімізді, әріпімізді, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, мәдени-мұрамызды сақтау, келешек ұрпаққа аманат ету үшін қаншама ата-бабаларымыз қан майданда соғыста шейіт болды, қаншама жастары құрбан етті. Міне бүгінде Тәуелсіз, ерікті, ұлттық болмысы сақталған тұтас елде өмір сүрудеміз. Енді біздің мақсат Тәуелсіздіктің қадірін біліп, салт-дәстүрімізді ұмытпай, өзімізден кейінгілерге дәріптеу, насихаттау, саналарына сіңіру. Сонда ғана біз еңсесі биік, тәуелсіздігі тұғырлы, болашағы жарқын ел болатындығымыз сөзсіз!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ұлттың салт-дәстүрлердің тағылымы

Ұлттық салт-дәстүрлер ежелден бері келе жатқан ұлт қазынасы. Яғни салт-дәстүрлер ата-бабамыздың асыл мұрасы. Әрбір елдің, ұлттың өзіндік дәстүрлері, әдет ғұрыптары болады. Мысалы біздің елімізде өте көп салт-дәстүрлер бар. Олар: Кішкентай балаларға арналған шілдехана, бесік той, тұсаукесу, ал үлкендер үйлену той, ұзату, алып қашу, айттыру т.б сол сияқты көп салттар. Бұл салт дәстүрлеріміз ата-бабамыздан бері ұмытылмай келе жатыр. Салт-дәстүрлерді ұстану ол қазақ халқының мәдениеттілігі, даналығы мен даралығы деп есептеймін. Сонау жылдардағы ата-бабаларымыз салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарға қатты мән беріп, ұмытылмастай етіп сақтаған. Мен салт-дәстүрлерді ата-бабаларымыз сияқты қатты құрмет тұтамын. Себебі ол біздің қазына мұрамыз мәдениетіміздің мәртебесі.

Қазіргі таңда осы салт-дәстүрлердің түрлері өзгеріп немесе жаңарып, ұмытылып бара жатқандары да қаншама. Мәселен қазіргі таңда қыз алып қашу дәстүрі көп кездесе бермейді. Себебі қазір заң бар, теңсіздіктер бар. Қазір жастар өзара танысып келісімге келе отырып үйленіп, ұзатылып жатыр. Тағы айта кететін жағдай ол қыз айттыру, бұрынғы кезде таныс ата-аналар, үлкендер, ұл-қыздары барлар бір-біріне өзара құда түсіп, ұл-қыздарын айттырып жатады. Тіпті ол кезде


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

бір-бірін ұнатқан жандар оған келіспей, жастар қашып кететін. Ол кезде теңсіздік болған жоқ, конбесне алып болмады. Бұл осы дәстүр қазіргі қоғамда кездеспейді. Өзгеріп жатқан, жаңарған салт-дәстүрлер де баршылық. Менің ойымша бұл салт-дәстүр ол қуаныш, той думанның бір түрі. Оны ұстану да, ұмытпай орындалуы да өнегелік.

Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа деп бекер айтылмаған. Себебі әрбір ұлттың өзіндік ерекше салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениеті, қызықшылықтары бар. Сол әдет-ғұрыптарды өзгертпей, ұмытпай ұстану елдің мәртебесі. Салт-дәстүрді ұстанбайтын елдерде, ұстанып сол арқылы танылып жатқандарда қаншама. Тіпті бір елдің ішінде яғни Қазақ еліндегі өңірлерде де салт-дәстүр ұстанымына қарай бөлінеді. Мәселен кейбір салт-дәстүрлер оңтүстік, батыс аймақтарда қатты ұстанады, яғни келіннің міндеттеріне келсек, сәлем салу, таңертең ерте тұру, қалың мал деген сияқты. Ал басқа өңірде бұл салттардың маңызы қатты білінбейді. Салт-дәстүрді ұмытпай ұстанып құрмет тұтып, келесі ұрпаққа жеткізу болашақ ұрпақтардың қолында. Сол арқылы салтымызды түрлі елдерге таныта аламыз!

304 сөз!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

Ұлттық салт-дәстүрлердің тағылымы

Салт-дәстүр ол қазақтың бір бөлшегі секілді. Ғасырлар жылдар бойы ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Ол еш өшкен емес. Салт-дәстүрдің түрлері өте көп. Қазақтың ерекшелігінің бірі осы. Әр үй өзіндік салт-дәстүрін ұстанады. Қазіргі таңда барлық адам толықтай ұстанады деп айтудың өзі қате. Жаңа ғасыр деп, заманауи көзқараспен өмір сүретін адамдарда бар шығар. Мысалы, Солтүстік өңіріміз көбінде ұстанбайды. Себебін орыстанып кеткен дейді. Салт-дәстүрді Оңтүстік ж/е Батыс өңірлерін жақсы сақтаған. Әр елдің өз салт-дәстүрі болуы керек деп ойлаймын. Ол басқалардан ерекшелендіріп тұрады. Салт-дәстүрді ұстану, ұстанбау ол әр адамның өз еркі. Біздің еліміздің салт-дәстүрі көршілес елдермен сәйкес келіп жатады. Мысалына алар болсақ, келін түскенде және олардың сәлем беруі, орамал тағу т.б. қырғыз, өзбек бауырларымызға қатты ұқсайды. Баланың өмірге келуінен басталатын дәстүрлері де ұқсас келеді. Жалпы дініміздің салт-дәстүрлеріміз-ге келетін болсақ оның ішінде керегі және кересі жақ болып бөлінеді. Кейбір дәстүрлер еш мағынасы жоқ, адамдарға кері әсер етеді. Жаңа түскен келінді кілемге орап оны терезеден кіргізіп жатады. Менің ойымша бұл адамды қорлау деп ойлаймын. Осындай жағдайға ұқсас дәстүрлер біршама. Ал мағыналы дәстүрлеріміз өте көп. Бәрі білетін кішкентай баланың алғаш қадам басарына орай тұсаукесер той болады. Ол жерде баланың тұсауын кесіп, алдына түрлі зат қояды. Таңдаған затына қарай болашағын болжайды. Бұл дәстүр ғасырма-ғасыр бойы жалғасып келеді. Баланың қадамы оң болсын, шіркіннің ала жібін аттамасын, жолы ақ болсын деген ниетпен жасалатын салт. Айта берсек қазақта не көп, салт-дәстүр көп. Ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрді міндетті ұстануға тырысу қажет. Себебі оны ұстанған ел-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

кімге тигізер зияны жоқ. Керісінше өз жолдарын ашып, жақсылыққа жорыған. "Әр үйдің салты басқа, Иті қара қасқа" деген мақал осындай жағдайдан туындаса керек. Бұл қаншама ұзақтан бері келе жатқанына байланысты. Ол көп өзгеріске ұшырауда мүмкін. Себебі ол әр жерде әртүрлі айтылады. Сол себепті әр үй әртүрлі болып жасайды. Кішкентай кезінен салт-дәстүр, ырымдарды айтып, көрсетіп, балаларына қазірден сіңірсе ол кейін оны ұмытпайтын болады. "Ел боламын десең, бесігіңді түзе" деген. Біз бұл жағдайға жеңіл қарамауымыз керек. Кейін өзімізге кері әсерін тигізеді. Еліміздің болашағы жойылып кетуі мүмкін. Біріміз жақсы дүниеге жақын болуымыз керек. Барлығы біздің қолымызда.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе жазу.

„Ұлттық салт-дәстүрлердің тағылымы.

„Салт-дәстүр" – ата-бабамыздан тараған өнегелі дүние. „Әр елдің салты басқа" демекші, әр елде біз білмейтін қазақта да таңғажайып салт-дәстүрлер жетерлік. Дәл солай біздің қазақ халқында да тағылымға толы салт-дәстүрлер бар. Өз басым осы күнге дейін, талай шығарма оқыдым. Сол шығармалардағы салт-дәстүрлер үлкен өнегеге толы. „Абай жолы" роман-эпопеясындағы „Қодар мен Қамқа" оқиғасындағы қатал салт-дәстүрлер, „Қыз Жібек", „Қозы-Көрпеш, Баян сұлу", Еңлік-Кебек" т.с.с. сияқты лиро-эпостық жырлардағы салт-дәстүрлер, атап айтқанда, „[illegible]", „әмеңгер-лік" сияқты салт-дәстүрлер қазақта тәрбиелі көріністерді айшықтайды.

Қазақ әдебиетіндегі шығармалардың тең жартысы „әйел теңсіздігін" тақырыпта қозғайды. Сол шығармалардағы салт-дәстүрлерге көңілім толмай-ды. „Абай жолы" романындағы үшінші тарау „Шытырманда" оқиғасында-ғы дауға байланысты сол кезеңдегі салт-дәстүр бойынша қызын аманаттап Бөжей ауылына тапсырды. Абай әкесі Құнанбай. Ал олар қыз баланы ойлай қоймады. Сол қыз, Абайдың үшінші әйелінен туған Айғыздан туған Қамшат еді. Ақыр соңында Қамшат ішқұса болып, сағыныштан сарғайып қайтыс болады. Үш жасар Қамшатты бала кезінен аманаттап екі [illegible] [illegible], татуластыру үшін осы салт-дәстүрмен жүреді. Бұл сондай ауыр. Аманаттап тапсырғанның өзінде аманатқа қиянат жасамаса жақсы ғой, жоқ. Бөжейдің әйелі Құнанбайдың қызын өз қызындай көрмейді. Баланы баптамасын, жақсы қарамаған бала оңай емес.

Маған қазақ халқының қазақта әрі сауал қалдыратын салт-дәстүр-лері ұнайды. Мысалы „табалдырықта баспа", „Айға саусағыңды шошайтпа", „есікті керме", т.б. сияқты салт-дәстүрлер.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ата-әжеміздің өнеге тәлім жүйелері көбінесе салт-дәстүрмен байланысада. Ол кісілердің сөзінің өзінен нағыз қазақылық дәстүрі сезіліп тұрады. Кейде ойлаймын, бұл дәстүрлер неге? Кім ұстанады? Неліктен салт-дәстүрмен жүруіміз керек? Қажеті не? Расында қазаққа керек дүние ме?. Осы сұрақтар көп ойландырады. Анығында дұрыс жолмен адал жолмен жүргің келсе, ұстанасың. Әжеміздің "Әй, шырағым, олай істеме" тамақ балада дәуірдің өзінің үлкен мағынасы бар. „Абай жолындағы" Зере әжеміздің Абайға айтқан ақылынан, берген тәрбиесінен-ақ бала Абайдан сол дәстүрлермен жүруінің арқасында. Әже баласының маңға бауына байланысты екендігін білуімізге болады. Бала Абай қазақи салт-дәстүрлерді ұстанып, әже баласын сезініп „Дана Абай", дара Абайға айналады. Сол сияқты салт-дәстүрлердің бізге берер үлгі мен тәрбиесі мол екендігін аңғардым. Қазақ салт-дәстүрі ғажап дүние. Таңғажайып тәлім өнегелі дүние нағыз қазақи салт-дәстүр.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

Бейімбет Майлин „Шұғаның белгісі" повесінде көтерілген әйел теңсіздігі мәселесі.

Бейімбет Майлин - қазақ әдебиетінде ерекше орны бар көрнекті қаламгер. Жазушының шығармашылығын өзі өмір сүрген замандағы мәселелерді суреттейтін көркем туындылар құрайды. Осындай ұлттық дақты көтерген шығармалардың бірі һәм бірегейі - „Шұғаның белгісі" повесі. „Шұғаның белгісі" шығармасы - жазушының әйел теңсіздігі мәселесін ту еткен шоқтығы биік шығармасы. Ендеше, повесте көтерілген мәселелерге тоқталып өтейін.

Біріншіден, шығарманың идеясы бас кейіпкер Шұғаның ауыр тағдыры негізінде өрбиді. Ата-баба дәстүріне қарсы шыға алмайтынын ұғып, өз сүйгеніне қосыла алмайтынын білген қыз ауыр тағдырына шыдай алмай қайғыдан қан жұтып өледі. Өзінің бас бостандығы үшін қанша тырысса да қорғансыздың күнін кешкен Шұға ата-баба дәстүрінің құрбаны болады. Повестегі мәселе бір ғана Шұғаның басындағы ауыр тағдыр емес, сол замандағы барша қазақ қызының қиын тағдырларының тоғысқаны деп білемін. Міне, романдағы әйел теңсіздігі мәселесі осылайша көрініс тапқан.

Екіншіден, „Шұғаның белгісі" повесі қазақ қызының ауыр тағдыры арқылы оқырманға ерекше ой салады. Ертедегі заманда қазақ қыздарының бас бостандығы болмаған, соның салдарынан қаншама жас қыздардың тағдырына балта шабылды. Бұл қашанға дейін жалғаспақ?


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қанша дәуірге дейін қазақ қыздары өз бостандықтарын ту етіп күреспек? Неліктен қазақ қыздары өз сүйгендеріне қосыла алмай қорғансыздың күнін кешпек? Міне, повесть әрбір саналы азаматқа осындай сұрақтар тудыратыны сөзіз. Бір ғана қазақ қызының ауыр тағдыры арқылы дәуір шындығын суреттейтін шығарма осылайша оқырманға жол тапқан деп ойлаймын.

Қорытындылай келе айтарым, әйел теңіздігі мәселесін ту еткен „Шұғаның белгісі", „Бақытсыз Жамал" сынды мазмұндас шығармалар – әйел теңсіздігі орын алған дүрбелең заманда туған, заман шындығын суреттейтін көркем шығармалар. Әйел теңсіздігі мәселесін шешуге бағытталған туынды қазақ қыздарының басындағы ауыр тағдырды қоғам шындығына айналдырған ұлы шығарма деп есептеймін. Міне, осы шығармалар арқылы сол замандағы қазақ қыздарының басындағы мәселелер бүгінгі таңда өз шешімін тапты деп қорытындылаймын.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазақ шығармалары әртүрлі үлгіде жазылған, көпшілік қауымға танылған шығармалар. Олардың әрқайсысы әртүрлі тақырыптарды қамтиды. Соның бірі Бейімбет Майлиннің шығармасы „Шұғаның белгісі" повесі. Бұл повесть көпшілік қауымның көңілінен шыққан танымал шығарма. Алайда бұл повесть ауыр тақырыпты қамтиды, яғни әйел теңсіздігі. Әйел теңсіздігі сол замандағы қалыпты құбылыс болып табылады. Өткенмен қазіргі қоғамның санасымен бұл дұрыс емес дүние. Тіпті осы үшін сазаға ұшырап жатады. „Шұғаның белгісі" повесінің басты кейіпкері: бір үйдің жалғыз қызы, үйінің еркесі Шұға атты қыз. Ол әкесінің ерке қызы болып өседі. Ол ештеңеден қағылмай бой жетеді. Оның еркелігімен қатар сұлулығы, ақылдылығы да бар. Оған бармақ ауылдың ер жеткен жігіттері ғашық болған. Әртүрлі романтикалық хаттар жазып, жүрегін жаулауға тырысқан. Алайда Шұға ешбір жігітке мойынсұнбаған. Бір күні ол Әбдірахман есімді сері жігітті кездестіреді. Екеуі бір-бірлеріне бір көргеннен ғашық болған. Әбдірахман Шұғаға тығылып хаттар жазады. Ол Шұға екеуінің арасын құпия сақтауға келеді, өйткені Әбдірахман төменгі таптың адамы. Оның жағдайымен Шұғаның жағдайын салыстыруға келмейтін. Бірін білсе де екеуі бір-біріне ғашық болады. Алайда бұның барлығын ауыл адамдары біліп қояды. Оны Шұғаның әкесіне жеткізіп те барады. Тіпті Әбдірахманға өтірік жала жабады. Бұны естіп, біліп отырған әкесі Әбдірахманды бағанша темір торға тоғытады. Әбдірахмансыз Шұға қатты ауырып қалады. Оның ауруының дерті Әбірахман екен. Әкесі қызы үшін Әбдірахманды шығартады. Алайда бұл кезде Шұға о дүниелік болып кеткен еді. Осылайша Шұғаның әділетсіз өмірін көреміз. Бұл (солай) сол заманның тамсақ дүниесі емес еді. Осыдан әйел теңсіздігі көрінеді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Тіпті одан бөлек Әбдіразманның оқиғасымен сол заманның бай мен кедей арасындағы теңсіздікте көрінеді. Жалпы сол кездегі шығармаларында осындай теңсіздіктер өте көп байқалады. Осының өзі үйреншікті құбылыс ретінде қалыптасқан. Ал қазіргі қоғамның көзімен бұл бірден байқалады. Бұл повестен бөлек „Ақбілек", „Бақытсыз Жамал" сияқты шығармаларда бар. Бұл сол шығармалардан да әйел теңсіздігі анық байқалады. Оған Ақбілектің зұлымдардың қолына түсіп, қайтып келгенде ауылдастары-ның, тіпті әкесінің бұртүрлі көзқарасы, ал Жамалдың амалсыздан сүймеген адамына қосылып, одан қорлық көруі, осының бәріде әйел теңсіз-дігіне жатады.

Жалпы әйел теңсіздігі дегеніміз - әйел азаматшаларының ойын анық айта алмауы, қаламаған дүниесін жасауы, әр азаматшаның жанында орны, сый құрметі болмауы, жалпы қоғамда орны болмауы. Осының бәрі әйелдің теңсіздігі болып табылады.

Қорытындылай келе „Шұғаның белгісі" повесінде әйел теңсіздігі, бай мен кедей арасындағы теңсіздік қатар көрінеді. Шұғаның сүйген жанына жете алмауы, ойын анық айтқанымен оны ешкімнің елемеуі осыны анық аңғартады. Тек бұл повесь қана емес тағы бірқатар шығармаларда да бұл мәселелер көтерілген. Әрқайсысы бір өзіндік ой қалыптастырады. Осындай мәселелерді көтеру арқылы оқырманның назарын аударады. Бұл сол қоғамның бір түрі десекте болады. Қоғамның ащы шындығын айтып, оқырманға ерек-ше әсер қалдырады.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ұлттық салт-дәстүрлердің тағылымы

Қазақ халқы ертеден-ақ салт-дәстүрді қолданатын және құрметтейтін. Салт-дәстүр әр елдің өзіндік мәні, тәрбиесі, наным-сенімі және ұлттық құндылығы. Қазақ халқы салт-дәстүрді берік ұстанатын, болашақ ұрпаққа дәріптейтін ел. Бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрлер әрдайым өз құндылығын жоғалтпаған. Салт-дәстүрге қарап-ақ қандай халық екенін түсінуге болады. "Әр елдің салты басқа" - демекші әр халық өзінің және өзгенің салтын құрметтеу қажет деп санаймын. Сонда ғана ұлттық мәдениетіміз дамиды. Сондықтанда еліміз басқа елдермен қарым-қатынасы одан әрімен жақсара түседі.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз жетерлік. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігімен, наным-сенімі бар. Айтар болсам, жаңа туған нәрестеден бастап, жасы келген қариямызға дейін өзіндік орны бар салт-дәстүрлер орындалады. Жаңа туған нәрестені ауыл-аймақтағы қыз-келіншектер шілдехана тойын өткізеді. Қырық күн өткен соң әжелер, келіндер, қыздар болып шомылдырып, бесікке салады. Бесік жырын айтады. Бір жасқа толғанда тұсаукесер салты орындалады. Баланы ақ киімнің үстіне тұрғызып, аяғына ала жіп тағады. Ешкімнің ала жібін аттамай, тузу, жақсы жолмен жүрсін деп. Одан соң бес жасқа толған ұл балаға сүндетке отырғызу салты бар. Бұл салт ер-жігіт болып, еліне қорған болуы үшін жасалатын салт.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Балл

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором

Қаз11-25

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница № 2

Халқымызда беташар дәстүрі бар. Жаңа түскен келінді сол аймақтағы ауыл адамдарымен, туыс-жекжаттармен таныстыру. Үлкен кісілерге сәлем салып, өз орнын білу. Келінге ақ орамал жауып, қазақтың киімі аспабы домбырамен бетін ашады. Салт-дәстүрлеріміздің ішінде өзіндік орны биік дәстүр қыз ұзату деп санаймын. Қазақ халқы әрдайым қызын қонақ деп білген, төрге отырғызған. Бетінен қақпай, аялап өсірген. Тұрмысқа шығатын әрбір қыздың арманы ұзатылып кету. Басына сәукелесін киіп, өз ұясынан ұшып шығады. Қыздың жаңы сыңсу айтып, ұзатып шығарады. Ұл жағы қалың мал беріп, ана сүті секілді дүниелерді ақшалай немесе малдай береді. Барған жерінде "тастай батып, судай сіңсін" дегендей қария кісі өз ақ батасын береді. Салт-дәстүрлердің құрметтісі ол-қонақ сыйлау. Келген қонақты құдайдай сыйлап төрге шығарады. Үйде бар малын сойып, алдына ас береді. Жылы қабақпен қарсы алып, жылы шыраймен шығарып салады. Бұл халқымызда бар дәстүр. "Үлкенге құрмет, кішіге ізет" таныту да, асты төкпеу, нанды баспау, қазынамыз қариямызға құрмет көрсетудің барлығы салт-дәстүрдің бір бөлшегі.

Міне, осындай ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеп, насихаттап, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру менің және біздің міндетіміз деп білемін!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ұлттық салт-дәстүрлердің тағылымы.

Барлықтарыңызға сәлем! Менің қазір айтқалы тұрған салт-дәстүр ол „алып қашу". Қазіргі тақмен, бұрынғы кезді салыстыратын болсақ бұрынғы кезде қызды алып қашып кетседе сол үйден кете алмайды. Себебі, ол кезде сол үйдің табалдырығын аттаған қыз әлі үйдің келіні болып деген өсектерге тап болатын кез. Нақтылап айтар болсам бір үйдің табалдырығын аттаған қыз айныраcқан қыз болып саналады. Ал қазір алып қашар болса келісіммен болмаса, ол бала келісімсіз нарты тауып алып кетер болсан арыз жазып жала жабуға дейін барады.

Менің айтқым келетіні „алып қашу" дегенді тек келісіммен болар болса онда сол қыздың үй жағдайы мүлдем емес деген шақты. Неге? -десеңіздер қарап тұрсақ әрбір қыздың арманы ол үйден ұзатылып шығу. Ал қазіргі заман талабына сай келер болсақ ондай ұзатуға жағдайлары келмейді. Жанбаттығын т.б. деген. Алып қашуды өз басым қолдамайтынмын, әрине егер ол танитын н/е жүріп жүргенің болса келісерсің. Жоқ айдаладағы танымайтын біреу алып қашу деген масқара ғой. Сонда ол қыздың өзі жағы нормальна, көрмеген адамды алса. Мен білемін, бұрынғы ата-аналарымыздың кейбірі алып қашу арқылы бақытты болып отыр. Ол заман басқа, қазір заман басқа. Әрине өз заман талабына сай өмір сүру керек. Қазіргі жағдайы қыздарда келісімсіз алып қашу болса үйтеріме арыз жазып тіпті жала жабуға дейін барады. Тілеуім бес саусақ бірдей емес. Көпке топырақ шашпаймын. Тіпті қазір алып қашқан үйді отқа беруге де барады.

Қорытындылай келе: Салт-дәстүр адамдар өкпе шешуге болмайды.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Балл

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қаз11-28

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Қысқаша айтқанда әркім өз шекарасынан аспау керек. Қатты ұнатып бара жатсаң, әуелі жақыннан танысып біліп ал. Бірден ұнаттым екен деп елеп қалу дұрыс емес.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ